

«Ломбард AST Кредит» ЖШС  
құрылтайшысының 2020 жылғы 20  
мамырдағы шешімімен  
**БЕКІТІЛДІ**

**«Ломбард AST Кредит» ЖШС-нің МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ ЕРЕЖЕСІ**  
**Нұр-Сұлтан, 2020 жыл**

**«Ломбард AST Кредит» ЖШС-де МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ  
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Микрокредиттер берудің жалпы шарттары туралы ереже (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Занына, «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуга) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қымыл туралы» Қазақстан Республикасының Занына, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне, Серіктестік жарғысына сәйкес өзірленді және «ЛОМБАРД AST Кредит» ЖШС-де (бұдан әрі - Ломбард) микрокредиттер беру шарттарын белгілейді.

**1. Жалпы ережелер**

**1.1. Осы Ереже келесіні реттейтін құжат болып табылады:**

- берілетін кредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері;
- ұсынылатын кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары;
- операцияларды жүргізу үшін мөлшерлемелер мен тарифтер;
- ломбард пен оның клиенттерінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі;
- кепіл билеті жоғалған кезде кепіл берушіге телнұсқаларды беру тәртібі;
- өзге шарттар.

Ломбардтың клиенттері осы Ережелермен танысуға міндетті, олар Ломбардтың клиенттері көре алатын жерлерде, сондай-ақ <https://astcredit.kz/> интернет-сайтында орналастырылады.

**1.2. Ломбард азаматтарға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүліктің кепілімен қысқа мерзімді қарыздар (микрокредиттер) береді. Микрокредит - микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым қарызы алушыға осы Ережелерде айқындалған мөлшерде және тәртіппен ақыллылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында беретін ақша.**

**1.3. Ломбардтың клиенттері 18 жасқа толған Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің іс-әрекетке қабілетті және ақыл-есі дұрыс азаматтары болып табылады, қарызы шартының қолданылу мерзімі аяқталған кезде зейнеткерлік жастан аспауға тиіс.**

**1.3.1. Кредит алу үшін Клиент жеке басын куәланыратын құжаттардың біреуінің түпнұсқасын ұсынуы керек:**

- КР азаматының жеке куәлігі;
- КР азаматының төлкүжаты;
- КР-да тұруға ықтиярхат (шетелдіктің КР-да тұрақты тұруға құқығын растайтын құжат);

Бұл ретте құжаттың қолданылу мерзімі кепіл билетімен белгіленген кепілдік мерзімінен кем болмауы тиіс.

**1.3.2. Жеке басын куәланыратын құжаттарды ауыстырган немесе алған кезде әскери билет, жүргізуши қуәлігі, әділет немесе ішкі істер органдары беретін тубіртек жеке басын куәланыратын құжаттар болып табылмайды. Уақытша жеке куәлік қысқа мерзімді құжат**

болып табылады және ол бойынша азаматтық-құқықтық мәмілелер (қысқа мерзімді қарыздар беру, кепіл мүлкін қайтару) жасауға болмайды.

1.3.3. Қарыз алған кезде клиент Ломбардқа кепіл билетінде немесе өтініш-сауланамада көрсетілетін SMS-хабарламаларды алу үшін ұялы телефонның жарамды нөмірін хабарлауға міндетті. Ұялы телефон нөмірі өзгерген кезде Клиент дереу, бірақ нөмір өзгерген күннен бастап 2 күннен кешіктірмей Ломбардқа жаңа нөмірін жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

1.4. Барлық есеп айырысулар ұлттық валютамен - теңгемен жүргізіледі. Теңгемен берілген микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді кез келген валюталық баламаға байланыстыра отырып индекстеуге жол берілмейді.

1.5. Кредиттің шекті мәндері:

1.5.1. Ломбард 360 (үш жұз алпыс) күнтізбелік күнге дейінгі мерзімге қысқа мерзімді қарыздар береді. Қарыз мерзімі клиенттің қалауы бойынша, бірақ минималды мерзімнен кем емес болып белгіленеді. Қарыздың минималды мерзімі: - жеңіл автомобиль мен арнайы техника кепілімен - 15 (он бес) күнтізбелік күн. Кепілдендірілген мерзім - кепіл билетінде көрсетілген қарыз мерзіміне қосымша Ломбард кепілдік беретін күту мерзімі. Кепілдік берілген мерзім өткеннен кейін Ломбард өз талаптарын қанағаттандыру үшін кепіл мүлкінен өндіріп алуға және оларды мәжбүрлеп сotttan тыс тәртіппен өткізуді жүзеге асыруға құқылы.

1.5.2. Қарызды пайдаланғаны үшін сыйақының максималды және минималды мөлшерлемелерін Ломбард өздігімен белгілейді және нарық конъюнктурасына байланысты кредиттеу уақытына, кредиттеу мерзімдеріне, берілетін қарыз мөлшеріне және т.б. байланысты, бірақ КР уәкілдегі органдың нормативтік құқықтық актісінде айқындалған микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшерінен аспайтындағы өзгеріле алады.

1.5.3. Ломбард қарызды пайдаланғаны үшін мынадай ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін белгілейді:

1) жеңіл автомобиль мен арнайы техника кепілімен:

• **Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшері - 56 (елу алты) пайыз.** Микрокредит/Кепіл билетін беру туралы шарттың, микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің өзгеруінің және (немесе) микрокредит беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты жаңа комиссиялар мен өзге де төлемдердің өзгеруінің немесе енгізілуінің күніне сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі осы тармақпен бекітілген шекті мөлшерден аспауға тиіс. Микрокредит/Кепіл билетін беру туралы шартта жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі компьютерлік техника құрылғыларының көмегімен бір сөйлемде цифрлық түрде және жазбаша, сондай-ақ көлемі мен ресімдеу стилі бойынша бірдей (көлбейу, қою, түспен бөлу, мөлшері) нысанда басқа сыйақы мөлшерлемелерімен басып шығарылады. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{\frac{j-1}{365}}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{\frac{i-1}{365}}}$$

мұнда:

n – қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

S<sub>j</sub> - қарыз алушыға j-ші төлемнің сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

тj - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлем жасалған сәтке дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);

t - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - қарыз алушының төлем реттік нөмірі;

Pi - қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;

ti - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

Егер жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған сан бір ондық таңбадан астам болса, ол келесі түрде оннан бір бөлігіне дейін дөңгелектенуге тиіс:

1) Егер жұзден бір бөлігі 5-тен үлкен немесе оған тең болса, оннан бір бөлігі 1-ге арттырылады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады;

2) Егер жұзден бір бөлігі 5-тен кем болса, оннан бір бөлігі өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алынып тасталады.

Микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебіне қарыз алушының негізгі қарызды және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша микрокредит беру туралы шарттың талаптарын сақтамауды тұындаған төлемдерді (өсімпұлды, айыппұлды) қоспағанда, қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

1.5.4. Қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелері оң кредиттік тарихы бар клиенттер үшін төмендеу жағына қарай өзгеруі және кредиттеу шарттары өзгергенге дейін әрекет етуі мүмкін. Егер клиент дефолтқа жол берсе, ол женілдіктер алу құқығынан айырылады. Республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жеке тұлғамен құнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге жасалған микрокредит беру туралы шарт/Кепіл билеті бойынша сыйақының ең төмен тиімді мөлшерлемесінің мөлшерін сақтау туралы талап шарт мынадай талаптарға сәйкес келген кезде қолданылмайды:

1) микрокредит беру туралы шарт /Кепіл билеті бойынша сыйақы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген шекті мәннен аспайды;

2) микрокредит сомасын қайтару және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,5 пайызынан аспауға тиіс;

3) микрокредиттің мәнін қоспағанда, микрокредит беру туралы шартта көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда, микрокредит беру туралы шарт бойынша қарыз алушының барлық төлемдері жиынтығында микрокредит беру туралы шарттың бүкіл қолданылу кезеңі үшін берілген микрокредит сомасынан аспауға тиіс;

4) шартта микрокредит сомасын ұлғайтуға тыйым салынады;

5) тараптардың келісімі бойынша қолданыстағы немесе жақсартатын шарттарда микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін ұлғайтуға болады.

1.6. Берілетін қарыздың минималды мөлшері – 300 000 (үш жұз мың) теңге, максималды мөлшері – республикалық бюджет туралы занда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайды және автокөліктің нарықтық құнының 50% (елу) аспайды.

1.7. Комиссиялық алым өндіріп алынбайды.

1.8. Кепіл ретінде қабылданатын жылжымалы мүліктің негізгі түрлері – женіл автокөліктер мен арнайы техника (бұдан әрі – кепіл мүлкі) болып табылады.

1.9. Тек оның иесі женіл автокөлік пен арнайы техниканың кепіл берушісі бола алады. Женіл автокөліктің және арнайы техника кепілімен қарыз алу үшін Клиент: - меншік иесінің

жеке куәлігін (түпнұсқа); - КҚ тіркеу туралы куәлік/техникалық паспорт (түпнұсқа); - КҚ/арнайы техникаға ауыртпалықтың жоқтығы туралы анықтаманы (түпнұсқа) (бар болса) ұсынуы тиіс.

1.10. Ломбард Клиенттерге қарыз мерзімдері, сыйақы мөлшерлемелері және кепілді күту кезеңі бойынша женілдікті шарттар беруге құқылы.

## **2. Кредитті беру және қайтару тәртібі**

2.1. Ломбард қызметкері Клиентті даулы жағдайлар туындаған жағдайда екі тараптың құқықтарын, міндеттері мен іс-әрекеттерін түсіндіре отырып, кредитті алу және қайтару шарттарымен таныстырады. Егер Клиентті Ломбардтың шарттары қанағаттандырған жағдайда, қажетті күжаттарды міндетті түрде ұсына отырып, Қарыз алушының өтініш-сауалнамасы толтырылады.

2.2. Кепіл беруші жылжымалы мүлікті бағалау үшін Ломбард қызметкеріне береді.

2.3. Кепіл мүлкін бағалауды Ломбард қызметкері жузеге асырады және Клиент осы бағалаумен келіскең жағдайда қарыз ресімделеді. Женіл автокөлік мен арнайы техника кепілімен берілетін қарыз салыстырмалы әдіспен бағаланады. Бұл ретте женіл автокөлік пен арнайы техника кепілімен берілетін қарыздың максималды сомасы бағалау құнының 50%-нан аспайды.

2.4. Клиент пен Ломбард кепілді бағалау сомасы, қарыз сомасы және қайтару күні туралы уағдаластыққа қол жеткізетін ауызша келісім қарызды ресімдеуді жасасуға негіз болып табылады. Қарыз беру кезінде Кепіл билеті ресімделеді, онда қарызды беру мен қайтарудың барлық шарттары көрсетіледі. Кепіл билеті 2 данада ресімделеді және кепіл беруші мен Ломбард қызметкері өз қолдарымен қол қояды. Бұл ретте бір данасы кепіл берушіде, ал екіншісі Ломбардта калады. Қосымша Кепіл шарты ресімделіп, оны Ломбард қызметкері Ломбард қаражаты есебінен уәкілетті тіркеуші органда тіркеуді жузеге асырады. Ломбард қарыз алушы үшін оларды жақсарту жағдайларын қоспағанда, Кепіл билетінің, сондай-ақ басқа да шарттардың талаптарын біржакты тәртіппен өзгертуге құқылы емес. Осы тармақтың мақсаттары үшін қарыз алушы үшін микрокредит беру туралы шарттың/кепіл билетінің/басқа шарттардың талаптарын жақсарту деп түсініледі:

- тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл)азайту жағына қарай өзгерту немесе толық жою;
- микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгерту.

Микрокаржы ұйымы жақсарту талаптарын колданған жағдайда қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартта көзделген тәртіппен микрокредит беру туралы шарттың талаптары өзгергені туралы хабарланады. Ломбард жасасқан микрокредит беру туралы шарт/Кепіл билеті туралы ақпарат міндетті түрде Қазақстан Республикасының кредиттік бюоролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасында айқындалған шарттарда мемлекеттің қатысуымен кредиттік бюроға ұсынылуға тиіс.

2.5. Клиент Кепіл билетін қарызы толық өтелгенге дейін тұтас күйінде сақтауға міндетті. Кепіл мүлкін алған кезде Клиент кепіл билетін ломбардқа қайтаруға міндетті. Кредит қүжаттамасы қарыз алушы Ломбардта микрокредит беру туралы шартқа/Кепіл билетіне бірінші рет қол қойған күннен бастап қалыптастырылады. Кредит қүжаттамасында микрокредит алу үшін қажетті осы Ережелерде көзделген қүжаттар, сондай-ақ келесі қүжаттар мен мәліметтер қамтылады:

- 1) микрокредит беру туралы шарт /Кепіл билеті, кепіл шарты, жылжымалы мүлікті бағалау туралы келісім;
- 2) жоғарыда көрсетілген шарттарға қосымша келісімдер;
- 3) тараптар қол қойған микрокредитті өтеу кестесі;
- 4) жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнінің есептері (бар болса);

- 5) микроқаржы үйымы мен қарыз алушы арасындағы хат алмасу (бар болса);
- 7) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешектің толық немесе ішінара өтелгенін растайтын құжаттар (немесе олардың көшірмелері);
- 8) кредит тарихы субъектісінің ол туралы ақпаратты кредиттік бюrolарға беруге келісімін алғанын растайтын ақпарат;
- 9) кредит тарихы субъектісінің кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге келісімін алғанын растайтын ақпарат.

Микроқаржы үйымы кредит құжаттамасын жүргізеді, оны өзекті жағдайда ұстайды, сондай-ақ Ереже талаптарына сәйкес ондағы құжаттардың толықтығын қамтамасыз етеді. Кредит құжаттамасы қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық түрде калыптастырылады. Қарыз алушымен өзара қарым-қатынас аяқталғаннан кейін кредит құжаттамасы сактауға қойылады. Ол микроқаржы үйымында кемінде 5 (бес) жыл сактауға қойылады.

2.6. Егер кепіл беруші жылжымалы мүлікті Ломбардқа жауапты сактауға берген жағдайда, ол Клиенттің қатысуымен мөрленуге немесе пломбалануға тиіс. Бұл ретте Ломбард клиентпен мүлікті қабылдау-беру актісіне қол қояды.

2.7. Кепіл беруші қарыз мерзімі аяқталғаннан кейін сыйақының пайыздық мөлшерлемесін және негізгі қарызды төлеуге міндettі, осылайша кепіл затты сатып алады немесе қарыз мерзімін ұзартады.

2.8. Қарыз беру кезінде сыйақы алдын ала ұсталмайды. Сыйақыны (пайыздарды) Ломбард Клиенті қарызды пайдаланудың нақты күндері үшін қарызды өтеу немесе ұзарту кезінде ең төменгі мерзім өткеннен кейін төлейді.

2.9. Кепіл билетінде көрсетілген қарызды қайтару күні өткеннен кейін Ломбард Ережелердің 1.5.1-тармағында көрсетілген қосымша кепілді күту мерзімін ұсынады. Осы мерзім ішінде Клиенттің кепіл билетінің қолдану мерзімін күнтізбелік 1-ден 30 күнге дейінгі мерзімін пролонгациялауға (ұзартуға) немесе қарыз сомасын және Ломбардқа тиесілі сыйақыны (пайыздарды) өтеуге мүмкіндігі бар. Кепілдендірілген мерзімде айыппұл пайыздары қолданылмайды. Кепіл беруші кепіл билетінде көрсетілген кредитті қайтару күнінен кейінгі күннен бастап, кредитті нақты қайтару күні бойынша әрбір мерзімі өткен күн үшін кредит сомасының 0,5 (нөл бүтін оннан бес) % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл санкцияларын) төлеуге міндettенеді.

2.9.1. Қарыз бойынша берешекті өтеу кезектілігі: бірінші кезекте микрокредит беру туралы шартта/кепіл билетінде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық айыбы (Ломбардтың орындауды алу бойынша шығындары, айыппұл санкциялары, өсімпұлдар), содан кейін сыйақы бойынша берешек, оның ішінде кепілдік берілген күндер үшін, содан кейін негізгі қарыз бойынша берешек өтеледі. Өтеудің кері кезектілігіне жол берілмейді.

2.10. Кепіл билетін пролонгациялау (ұзарту) жөніндегі операция кепіл билеті және сыйақыны (пайыздарды) толық төлеу, оның ішінде кредитті пайдаланудың кепілдік күндері болған кездеған мүмкін болады. Сыйақыны (пайызды) ішінара төлеуге жол берілмейді. Пролонгация кезінде Клиент қарызды өтеудің жаңа күнін атайды. Тиесілі сыйақыны (пайыздарды) төлегеннен кейін Клиентке кепіл билетіне қарызды пролонгациялау парагы беріледі, оны Клиент қарыз толық өтелгенге дейін сактауға міндettі.

2.11. Клиент Кепіл билетінің қолданылу кезеңінде алынған қарызды шексіз рет ұзартуға (пролонгациялауға) құқылы.

2.12. Ломбард кепілдендірілген күту кезеңі аяқталғанға дейін кепілге қойылған заттарды пайдалануға және оларға билік етуге құқылы емес. Көрсетілген кезең өткеннен кейін, негізгі қарызды өтеу және/немесе қарыз бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндettемелер бұзылған жағдайда, кепіл беруші ломбардты сауда-саттықта өзінің кепіл мүлкін өткізу үшін

сенім білдірілген тұлға етіп тағайындауды не мүлікті өткізу Ломбардтың қалауы бойынша жүзеге асырылады және кепіл берушінің ол үшін шығындарды өтеу бойынша талаптары болмайды.

2.13. Ломбард Клиенті кепіл билетінің қолдану мерзімі аяқталғанға дейін кез келген уақытта (Ломбардтың жұмысына сәйкес) және кез келген сомада қарыздың бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеуге не Ломбардқа жүгінген сәтте Ломбардқа тиесілі сыйақыны (пайыздарды) алдын ала толық өтеп, бұл ретте қарызды өтеген кезде, оның ішінде алғашқы 15 (он бес) ішінде ішінара өтеуге құқылы, оны бергеннен кейінгі құнтізбелік күн (тіпті сол күн мен сағатта) сыйақы сомасы 15 (он бес) құнтізбелік күн үшін төленеді.

2.14. Кепіл мүлкін сатып алу кезінде оны алу құқығы Кепіл берушіге оның Кепіл билеті және жеке басын куәландыратын құжаты болған кезде ғана тиесілі болады.

2.15. Егер Кепіл беруші қарызды жеке өзі өтей алмаса және кепіл мүлкін ала алмаса, онда бұл операцияны басқа тұлға нотариалды куәландырылған сенімхаттың түпнұсқасы болған жағдайда ғана жүргізе алады.

2.16. Бір кепілдегі женіл автокөліктің/арнайы техниканың бірін сатып алған кезде қарызды пайдаланғаны үшін сыйақы (пайыз) төлеу қарыздың жалпы сомасынан жүргізіледі.

2.17. Ломбард женіл автокөліктің сакталуына жауап береді, атап айтқанда: Ломбардта оның кепілі кезінде автокөліктің жүрісінің болмауы және оның сыртқы түрінің сакталуы (сыртқы түрі тексеру актісін жасау кезінде автокөліктің сыртқы түріне сәйкес келуі керек).

Аккумулятор батареясының жарамдылығы, көлікте қалдырылған заттар, сондай-ақ ломбард қызметкері анықтамаған және оны тексеру кезінде Кепіл беруші жарияламаған жасырын ақаулар үшін - Ломбард жауапты болмайды.

2.18. Женіл автокөлік пен арнайы техниканы қарызды өтеу күніне дейін сактау Ломбардтың құзетілетін тұрағында жүзеге асырылады. Женіл автокөлікті және арнайы техниканы беру кезінде тараптар тиісті қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды.

2.19. Тұрақта кепіл мүлкін сақтағаны үшін төлемді Ломбард жүргізеді.

2.20. Клиент Ломбардқа мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және өзге де органдардың кепілге салынған мүлікті алып қою және/немесе алу нәтижесінде туындаған залалды даусыз тәртіппен өтеуге міндetti.

### **3. Кепіл мүлкін өткізу тәртібі**

3.1. Егер Қарыз алушы белгіленген кепілдік берілген кезең өткеннен кейін қарызды қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындаған жағдайда, онда кепілге салынған мүлік талап етілмеген болып есептеледі. ҚР АК-нің 785-бабына сәйкес Ломбардтан талап етілмеген жылжымалы мүлікті ҚР АК-нің 781-бабы 2-тармағында белгіленген тәртіппен Ломбард сатуы мүмкін.

3.2. Кепілді күту кезеңі өткеннен кейін Ломбард өзінің талаптарын қанағаттандыру үшін кепіл мүлкінен өндіріп алуға және оны мәжбүрлеп сotttan тыс тәртіппен өткізуді жүзеге асыруға құқылы.

3.3. Клиент кепіл билетіне қол қоя отырып, Ломбардтың кепіл мүлкін мәжбүрлеп сotttan тыс өткізуіне өзінің келісімін береді.

3.4. Қарыз алушы негізгі қарызды өтеу және/немесе қарыз бойынша пайыздарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді бұзған жағдайда, Ломбард Кепіл берушінің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген кепілді күту кезеңі өткенге дейін Ломбард берген қарыздың кепілді мерзімі аяқталғаннан кейін кепіл мүлкін сotttan тыс тәртіппен өткізуге құқылы.

3.5. Ломбард Клиентке сатып алынбаған кепіл мүлкін сату мерзімінің басталғаны туралы кепілді күту кезеңі өткен күннен кейінгі күні не осы Ережелердің 3.3-тармағында көзделген жағдайда қарыздың максималды мерзімі өткен күннен кейінгі күні кепіл билетінде

көрсетілген нөмірге смс-хабарлама жіберу арқылы хабарлайды. Кепіл билетіне қол қоя отырып, Клиент SMS-хабарлама арқылы хабарлама тиісті хабарлама болып саналатынымен келіседі.

3.6. Ломбард смс-хабарламаларды жіберу кезінде кез келген телефон желілерінің, операторлардың немесе қызметтердің кез келген техникалық іркілістері немесе өзге де проблемалары үшін, Клиент ұсынған телефон нөмірінің дұрыс емес және/немесе жарамсыздығы үшін, сондай-ақ нөмірдің өзгеруі туралы уақтылы алынбаған ақпарат үшін жауапты болмайды.

3.7. Кепілдегі мұлікті мәжбүрлеп соттан тыс тәртіппен өткізуіді Ломбард ҚР АК-нің 319, 320-баптарына сәйкес сауда-саттық (аукцион) өткізу жолымен жүргізеді. Осыдан кейін көрсетілген мұлік Клиентке қайтарылмайды. Бұл ретте Ломбард талап етілмеген мұлікті сатып алушы туралы ақпаратты Клиентке бермейді.

3.8. Талап етілмеген мұлікті сату бойынша сауда-саттық (аукцион) кез келген тұлға қатыса алатын ашық аукцион нысанында өткізіледі.

3.9. Ломбард сауда-саттықты ұйымдастырушы болып табылады. Талап етілмеген кепіл мұлкін сатудан тұсken сомадан Ломбардқа берілген қарыз, қарыз бойынша сыйақы, мұлікті сақтау және өткізу жөніндегі шығындар өтеледі.

3.10. Егер кепілге салынған мұлікті сату кезінде тұсken сома Ломбардтың талабын жабу үшін жеткіліксіз болса, оның заңнамалық актілерде немесе шартта кепіл артықшылығын пайдаланбай, өзге нұсқау болмаған кезде құқығы болады. Бұл ретте микрокредиттер беру туралы шарттарды тиісінше орындау бойынша қарыз алушыларға Ломбардтың талап етуі бойынша талап қою мерзімі бес жылды құрайды.

3.11. Ломбард үшінші тұлғаға микрокредит беру туралы шарт/Кепіл билеті бойынша құқықтарды (талаптарды) басқаға берген кезде Қазақстан Республикасының заңнамасында кредитордың қарыз алушымен микрокредит/кепіл билетін беру туралы шарт шенберінде өзара қарым-қатынастарына қойылатын талаптар мен шектеулер өзінің қолданысын қарыз алушының құқық (талап) берілген үшінші тұлғамен құқықтық қатынастарына таратады. Микрокредит беру туралы шарт шенберінде кредитордың қарыз алушымен өзара қарым-қатынасына құқық (талап) берілген үшінші тұлғаның Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулерді бұзыу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп согады.

#### **4. Қорытынды ережелер**

44.1. Ломбард кепілге қойылған мұліктің жоғалуына, сақталуына немесе бұлінуіне, егер жоғалуы немесе зақымдануы еңсерілмейтін күштің салдарынан болғанын дәлелдемесе, жауапты болады. Сондай-ақ, Ломбард кепілдік мұліктің жоғалуы немесе бұлінуі үшінші тұлғалар жасаған үрлықтың салдарынан болған жағдайда жауапкершіліктен босатылады. Ереуілдер, жаппай тәртіпсіздіктер, халықтық және әскери толқулар және т.б. салдарынан Ломбард өзіне берілген заттың сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндettі.

4.2. Ломбард және оның қызметкерлері Ломбард қызметін жүзеге асыру кезінде Клиенттен алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндettі (талап етілмеген заттың атауын, техникалық, технологиялық және сапалық сипаттамаларын қоспағанда) және ол жария етілген жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады. Ломбард үшінші тұлғаларға Клиенттер және олар тапсырған заттар туралы заңнамада тікелей көзделген жағдайларда ақпарат береді.

4.3. Шартта және/немесе осы Ережелерде реттелмеген Клиент пен Ломбард арасындағы қарым-қатынас мәселелерін Ломбард Клиенттің тілектерін барынша ескере отырып, заңнамага сәйкес келетін шарттарда шешеді.

4.4. Осы Ережелердің жекелеген ережелері қарыз шартына қайшы келген жағдайда қарыз шартының тиісті талаптары қолданылады.

4.5. Осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олардың әрекеті тиісті өзгерістер (толықтырулар) енгізілген күнге дейін Клиент пен Ломбард арасында жасалған шарттарға қолданылмайды.

4.6. Жекелеген накты жағдайларда, Клиентпен жазбаша келісім бойынша (оның негізделген өтініші бойынша) Ломбард ҚР заңнамасына қайшы келмейтін өзге де Ережелерді қолдана алады. Бұл туралы шешімді ұйымның басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қабылдауға құқылы.

4.7. Клиент кепіл билетіне қол қоя отырып, Ломбардқа өзінің дербес деректерін қағаз және электрондық жеткізгіштерде жинауға және өндеге өзінің келісімін береді.

4.8. Егер осы Ережелерде көзделген қандай да бір ереже немесе шарт кез келген себеппен жарамсыз деп танылса, онда мұндай ереже немесе шарт Ережелер мәтінінен жойылады, ал Ережелердің қалған ережелері мен шарттары толық қүшінде және қолданыста қалады.

4.9. Қарыз алушының дербес деректері, қарыз сомасы және кепіл туралы мәліметтер күпия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, кез келген нысанда үшінші тұлғаларға ашулуға жатпайды.

4.10. Клиент кепіл билетіне қол қоя отырып, осы Ережелерде қамтылған шарттармен келіседі.

### Минималды құжаттар пакеті:

- ҚР азаматының жеке куәлігі немесе төлкүжаты
- Көлік құралын тіркеу туралы куәлік (тех.паспорт)

| Кредит беру шарттары:                        |   |  |
|--|---|--|
| Кредит валютасы                              | Тенге   |  |
| Кредит сомасы                                | 300 000-нан респубикалық бюджет туралы заңмен тиісті каржы жылдан белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселеңген мөлшеріне дейін. |  |
| Кредит шарттары                              | <b>Көлік жүргізу құқығымен</b><br>Автокөлік құнының 50% дейін   | <b>Көлік жүргізу құқығынсыз</b><br>Автокөлік құнының 70% дейін |
| Сыйакы мөлшерлемесі:                         | Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйакы мөлшерлемесінің шекті мөлшері - 56 (елу алты) пайыз.                                    |  |
| Кредит мерзімі                               | 365 күнге дейін   |  |
| Қамтамасыз ету                               | Автокөлік/арнайы техника кепілімен  |  |
| Автокөлікті пайдалану мерзімі:               | Өндіруші еліне қарамастан 2000 жылдан бастап шығарылған автокөлікті кепілге аламыз  |  |
| Мерзімінен бұрын өтеу (толық немесе ішінара) | Айыппұл санкциясынсыз   |  |
| Кредитті өтеу тәртібі                        | Пайыздар (сыйакы) – ай сайын<br>Негізгі қарыз – ай сайын, тоқсан сайын немесе кредиттеу мерзімінің соңында                                    |  |

### Минималды талаптар:

Клиенттің жасы: 18 жастан бастап, қарыз шартының қолданылу мерзімі аяқталу сәтінде жасы зейнеткерлік жастан аспауы тиіс.

ҚР азаматтығы / ҚР-да тұруға ықтиярхаты

Клиенттің жеке басын куәландыратын құжат (төлкүжат немесе жеке куәлік)

### Ерекше шарттар:

Кепілге Нұр-Сұлтан қаласында есепке қойылған жеңіл автокөліктер, сондай-ақ Ломбардтың қалауы бойынша автокөлік құралдары қабылданады.

Егер клиент ресми некеде тұратын болса, жұбайының (зайыбының) келісімі.

Кепілге салынатын көлікте ауыртпалық болмауы керек.

Қарыз беру біздің кеңседе шарттарға қол қойылғаннан кейін, олар уәкілетті органдарда тіркелген кезге дейін жүргізіледі.

**Қосымша ақпарат:**

|                        |         |
|------------------------|---------|
| Өтінімді қарағаны үшін | 0 теңге |
| Кредит бергені үшін    | 0 теңге |